

**С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті
құрамындағы 6D120100 - «Ветеринариялық медицина»,
6D120200 - «Ветеринариялық санитария» мамандықтары бойынша
диссертациялық кеңестің 2021 ж. атқарған жұмысы жөнінде
ЕСЕП**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті құрамындағы 6D120100- «Ветеринариялық медицина», 6D120200- «Ветеринариялық санитария» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 04.04.2019 ж. №362 бұйрығына және С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ Басқармасы төрағасының 31.05.2021 ж. № 284-н бұйрығына сәйкес құрылған

Диссертациялық кеңес төрағасы профессор Б.С. Майқанов, төраға орынбасары профессор С.Т. Дюсембаев, ғалым хатшы профессор И.Т. Жақыпов тағайындалған.

Диссертациялық кеңеске келесі мамандықтар бойынша диссертацияларды қорғауға қабылдауға рұқсат етілген:

6D120100 - «Ветеринариялық медицина»;

6D120200 - «Ветеринариялық санитария».

1. Өткізілген мәжілістер саны туралы мәліметтер.

Есеп беріліп отырған жылы 5 мәжіліс өткізілді.

№1 Мәжіліс (22.04.2021) «Ветеринариялық ғылымдар» 6D120100 - «Ветеринариялық медицина», 6D120200 - «Ветеринариялық санитария» мамандықтарына – ҚР БЖҒМ 2021 жылдың 31 наурызындағы № 126 Типтік ережеге өзгертулер енгізу жөніндегі (одан әрі – Типтік ереже) 2021 жылдың .9 наурызындағы № 98 бұйрығымен танысу. Диссертациялық кеңестің 50% мүшелерін тұрақты мүшелермен, соның ішінде төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы.

Диссертациялық кеңес құрамының 50% (елу) диссертациялық кеңес мүшелері уақытша докторанттың қорғау рәсімін өткізу кезеңіне докторлық жұмыс тақырыбына байланысты сайланады.

№2 Мәжілісте (30.06.2021) докторант С.П. Сейденова PhD дәріжесін қорғауға арналған диссертациялық жұмыс қабылдау жөніндегі өтінішін қарастыру.

№3 Мәжілісте (30.06.2021) докторант С.Б. Тюлегенов PhD дәріжесін қорғауға арналған диссертациялық жұмыс қабылдау жөніндегі өтінішін қарастыру.

№4 Мәжілісте (30.09.2021) докторант С.П. Сейденова 6D120200 Ветеринариялық санитария мамандығы бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы.

№5 Мәжілісте (27.06.2019) докторант С.Б. Тюлегенов 6D120100 Ветеринариялық медицина бойынша диссертациялық жұмысын қорғауы

2. Мәжілістің жартысынан кем жұмысына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелері - жоқ.

3. Білім алатын ұйым атауы келтірілген докторанттар тізімі.

Т.А.Ж.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	ЖОО (білім алатын жері)
Сейденова Сымбат Полатбековна	6D120200 – «Ветеринариялық санитария»	«Разработка методов детоксикации мяса и молока при контаминации 1,1-диметилгидразином»	Б.С.Майканов – биология ғылымдарының докторы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры Заболотных М.В., б.ғ.д., профессор, Омбы МАУ ФГБОУ ВО малшаруашылығы өнімдерін ветеринариялық-санитарлық сараптау және а/ш жануарлары гигиенасы кафедрасының меңгерушісі (Ресей)	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ
Тюлегенов Самат Бексултанович	6D120100 – «Ветеринарная медицина»	«Эпизоотологический мониторинг и оценка риска заноса ящура на территорию Республики Казахстан»	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің деканы, в.ғ.д., профессор, С.Қ.Әбдірахманов Yanmin Li PhD доктор, Ланжоу ветеринариялық зерттеу институтының профессоры (Қытай)	«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ

Жұмыс жоспарына сәйкес 2021 жылы диссертациялық кеңеске 2 докторант өз құжаттары мен диссертациялық жұмыстарын ұсынды.

4. Есеп беру жылында кеңесте қарастырылған диссертациялар жөніндегі қысқаша талдау.

4.1. Диссертациялық жұмыстардың тақырыптарына жасалынатын талдау.

Жалпы доктор PhD ғылыми дәрежесін иелену үшін орындалған диссертациялар ветеринария саласына қатысты қолданбалы зерттеулер түрінде жүргізілген.

Сейденова Сымбат Полатбекқызының «Разработка методов детоксикации мяса и молока при контаминации 1,1-диметилгидразином» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкеседі және жануарлардың 1,1-диметилгидразинмен улануы байқалған жануарлардан алынған малшаруашылығы өнімдерінің сапасы мен тағамдық қауіпсіздігін анықтауға арналған. Жұмыс барысында 1,1-диметилгидразинмен ластанған сүтті, етті детоксикациялау әдістері жүргізіліп, көрсетілген. Жануарлардың 1,1-диметилгидразинмен улануы кездерінде малшаруашылығы өнімдерін ғылыми негізделген тұрғыда ветеринариялық-санитарлық бағалау әдістері құрастырылған.

Тюлегенов Самат Бексұлтанұлының «Эпизоотологический мониторинг и оценка риска заноса ящура на территорию Республики Казахстан» тақырыбындағы ғылыми зерттеулері ветеринарияның өзекті мәселелеріне сәйкеседі және Қазақстан Республикасы аумағында 1955-2017 жж. Аусыл бойынша эпизоотиялық ауалын талдауға, сонымен қатар, аталған кезең аралығында аусылмен ауыру динамикасын зерделеуге арналған. Осы кезде қолданылатын ввакциналардың сапасы мен тиімділігін белсенділігін, тазалығын, штаммдар құрамын және олардың республика аумағында бөлініп, анықталған штаммдармен антигендік жақындығын анықтау барысын ескере отырып, анықтау жұмыстары өткізілген. Поствакцинациялық иммунитет қалыптасуына баға беру жұмысын өткізу кезінде кластерлер айқындалған. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, эпизоотиялық процесс пайда болу қауіпі мен оны болжамдау жұмыстары өткізілген.

4.2. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясымен қарастырып, ұсынған ғылым дамуына қатысты «Ғылым туралы» Заңының 18 бабы 3 тармағына сәйкес бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы.

С. П. Сейденованың «Разработка методов детоксикации мяса и молока при контаминации 1,1-диметилгидразином», атты тақырыптағы диссертациясы 2017-2019 жж. арналған 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Малшаруашылығына «Протон-М» ракетатасымалдағышын ұшырудан келтірілген экологиялық зардап» және «Қоршаған ортаға «Протон-М» ракетатасымалдағышын ұшырудан келтірілген злалдың әсері және оларды детоксикациялау әдістерін құрастыру» (мемтіркеу № АР05130808) ғылыми жобалары аясында орындалды.

С.Б. Тюлегеновтың «Эпизоотологический мониторинг и оценка риска заноса ящура на территорию Республики Казахстан», атты тақырыптағы диссертациялық жұмысы 2015-2017 жж. арналған О.0706 «Ветеринариялық саулықты ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету» және 2018-2020 жж. арналған О.0870 «Ветеринариялық саулықты және тағам қауіпсіздігін ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету» мақсаттық қаржыландыру бағдарламалары аясында орындалды.

4.3. Диссертация нәтижелерін өндіріске енгізу деңгейін талдау

С.П. Сейденованың зерттеу жұмыстары нәтижелері бойынша сүт пен етті детоксикациялау әдістері құрастырылды, малшаруашылығы өнімдерінің 1,1-диметилгидразинмен ластануы кезінде тағамдық қауіпсіздігі мен сапасын анықтау әдістері құрастырылып, ұсынылды.

Қолданылуы нәтижесінде ракеталық жанар-жағар майдың, отынның құрамдас бөліктерін айқындауға және бейтараптандыруға мүмкіндіктер беретін детоксицирлеуші қоспалар құрастырылған, осы арқылы сүт пен еттің қауіпсіздігіне, сапасын арттыруға, органолептикалық, физикалық-химиялық және биологиялық құндылықтарын арттыруға жағдайлар жасалды, сүт пен еттің сапасы жақсарады, аминқышқылдық құрамы жоғарылайды, витаминдер жоғарылауы аталады (ҚР Пайдалы модельге алынған № 4909 патенті: Сиырлар организмнен 1,1-диметилгидразинді шығару үшін детоксицирлеуші құрал ретінде Антитокс пен Е-Селен қоспасын қолдану. ҚР Пайдалы модельге алынған № 5695 патенті: Жануарлар организмінде 1,1-диметилгидразинді детоксикациялау үшін Антитокс пен В6 витамині қоспасын қолдану).

С.Б. Тюлегеновтың диссертациясы материалдары Шығыс-Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Қызылорда облыстарындағы жануарлар арасында аусыл ауруы пайда болуы мен таралу қауіпін, яғни бірнеше жылдар бойы вакцинациядан өткен жануарлар арасындағы қауіпті төмендету бойынша мәліметтерді толықтыра түседі.

Тәуекелділікті талдау жұмыстары аусылдың пайда болуы және таралуына қатысты жоғары дәрежедегі қауіпті аймаққа жататыны Шығыс-Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстары екенін көрсетті. Айтарлықтай дәрежедегі тәуекелділікке О/SEA/Mya-98 және О/ME-SA/Ind-2001 субтиптеріндегі аусылдың генетикалық бағыттары ие екені анықталды, олар жақын уақытқа дейінгі аралықта Ресей мен Қытайда аусыл пайда болуы оқиғалары уақытында анықталған болатын.

Республикамыздың түрлі өңірлерінде ауыл шаруашылық жануарларында аусылдың таралуына, оларды серологиялық мониторинглеуге, поствакциналды иммунитет қалыптасуына қатысты қол жеткізіліп алынған деректер, сонымен қатар, географиялық ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып деректер базасын өзектендірудің пизоотияға қарсы шаралар жоспарын құрастыру кезіндегі практикалық маңызы өте зор.

5. Пікір берушілер жұмыстарын талдау.

Ветеринариялық ғылымдар бойынша диссертациялық кеңес мәжілістерінде қорғалатын диссертациялық жұмыстар бойынша пікір берушілер қарастырылып, бекітілді.

С.П. Сейденованың диссертациясы бойынша пікір берушілер ретінде ветеринария ғылымдарының докторы, Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университеттің «Ветеринария» кафедрасының профессоры С.Т.Дүйсембаев.

Ветеринария ғылымдарының кандидаты, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Ветеринариялық медицина және малшаруашылығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры Б.Е. Нұрғалиев тағайындалды.

С.Б. Тюлегеновтың диссертациясы бойынша пікір берушілер ретінде С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, ветеринария ғылымдарының докторы А.Қ. Бұлашев;

Семей қаласындағы Шәкәрім атындағы университетінің доценті, ветеринария ғылымдарының кандидаты А.Н.Байғазанов тағайындалды.

Пікір берушілер ретінде жоғары оқу орындарының, ғылыми ұйымдардың ғылыми жобалармен жұмыс жасайтын, халықаралық ғылыми басылымдарға жарияланымдар жасайтын, сәйкесімді мамандықтар бойынша ғылыми атақтары, дәрежелері бар жетекші ғалымдар тағайындалды.

Пікір берушілердің пікірлері оларды дайындауға, толтыруға қатысты қойылатын талаптарға сәйкес рәсімделінді. Жалпы алғанда пікір берушілер ұсынылған диссертацияларға мұқият талдаулар жасады, ал жұмыстар қойылатын талаптарға сай болды.

6. Ғылыми мамандарды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.


1. Өзге жоғары оқу орындарының докторанттарын алдын ала диссертациялық кеңес ұйымдастырылған жоғары оқу орынында құжаттарын қабылдамастан бұрын алдын ала тыңдау өткізілсін.

7. Мамандықтар арасында философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор атағына іздену бойынша қарастырылған диссертациялар туралы мәліметтер

	Мамандығы	Мамандығы
	6D120100- «Ветеринария лық медицина»	6D120200- «Ветеринариял ық санитария»
Қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	1	1
Қарастырудан бас тартылған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Пікір берушілер тарапынан теріс пікір алынған диссертациялар (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-


Қорғау нәтижелері бойынша оң шешім қабылданғаны	1	1
Оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны	-	-
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім қабылданғаны (оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны)	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	1	1
Оның ішінде, өзге оқыту ұйымдарынан қабылданғаны	-	-

Диссертациялық кеңес төрағасы



Б. Майқанов

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

 И. Жақыпов

Күні 19.01.2021

